

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЛШШЬСЬ!

№10 (2518) 11/02/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «КТЖ» – @railways.kz / «КТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Сауат МЫНБАЕВ,
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «КТЖ»:

**КОМПАНИЯ
СТАВИТ
АМБИЦИОЗНУЮ
ЦЕЛЬ – СОВЕРШИТЬ
В ЭТОМ ГОДУ 2020
БЛАГОРОДНЫХ ДЕЛ.
ВЕДЬ ДАЖЕ В САМЫЕ
ТРУДНЫЕ ВРЕМЕНА
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ
ВСЕГДА ОТЛИЧАЛИСЬ
ОСОБОЙ ОТЗЫВЧИВОСТЬЮ.
КТЖ – САМАЯ БОЛЬШАЯ
КОМПАНИЯ В СТРАНЕ,
И КОМУ КАК НЕ НАМ
ЗАДАТЬ ТОН И СТАТЬ
ЛИДЕРОМ КОРПОРАТИВНОГО
ВОЛОНТЕРСТВА**

АҚПАРАТ

ҚАРМЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА

Нұр-Сұлтан станциясының теміржолшылары қармен күрес жұмыстарын жалғастыруда. Себебі үздіксіз төлеп жауып жатқан қар жолды көміп тастауда. Темір жол бойының қарын тазалауға әдеттегідей түнгі кезекшілік ұйымдастырылып, құрылымдық мекеме жұмысшылары бір адамдай соған атсалысуда.



Қарлы боран ең алғаш басталған сәттен, яғни 28 қаңтардан бастап елорданың бас темір жол қақпасында бүгінге дейін барлығы 1909 теміржолшы қармен күрес жұмысына қатысып, олар 9542 текше метр қарды тазалап, шығаруға атсалысқан. Бұл кезеңде компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарынан теміржолшылар қол көмектерін аямады.

Ал осы аптада қар тазалау жұмысына «КТЖ» ҰК» АҚ Орталық аппаратының қызметкерлері жұмылдырылды. Аталған станцияның бас инженері Бақылхан Әбеуовтің айтуынша, кеше олар дөңес алды парктің темір жол бойын қардан тазалаған. Орталық аппарат қызметкерлерін ортақтастырған қармен күрес шарасы келесі күні де жалғасын тапқан.

Компания басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің бұйрығымен теміржол бойының қарын тазалау жұмыстары үздіксіз жасалып жатыр. Атап айтқанда, осы жылы 3-7 ақпан арасында және 10-11 ақпанда біздің станция мен Қыркыңшы станциясы бойынша жолдарды және бағыттама бұрмаларын қардан тазалау жұмыстарын ұйымдастыру жоспарланды. Қызметкерлер вокзалда таңғы 8.45-те жиналып, сағат 16.00-ге дейін жұмыс істеуде. Қармен күрес шаралары алдында барлық теміржолшыларға еңбек қорғау жағдайы, қауіпсіздік талаптары толық түсіндіріліп, ескертілді, қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілді, – дейді бас инженер.

3-7 ақпан аралығында қар тазалау жұмыстарына 250 теміржолшы жұмылдырылған. Олардың қатарында магистральдық желі дирекциясы, «КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, ӘТҚК және басқа да сала жұмысшылары болды. Ал 10-11 ақпанда Орталық аппараттың 100 қызметкері жол бойының қарын тазалауға шықты.

Қармен күрес жұмыстарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес ПЧ-17 керекті жабдықтар және қар тазалау техникалары, мақсатты нұсқаулықпен қамтамасыз етті. Ал Нұр-Сұлтан станциясы ұжымына қарды тиеу, түсіру үшін платформа дайындау тапсырылды.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СЕМИНАР



ҚАУІПСІЗДІКТЕН ҚЫМБАТ ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

«КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық диалогы» тақырыбында екі күндік семинар-тренинг өтті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«КТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің менеджерлері Орынова Гүлзипа мен Жатқанбаева Алтынай өткізген семинар теориялық сабақтар бойынша жаттығулар түрінде болып, қатысқандарға тақырып аясында мол мағлұмат берді. Шараға Атырау жүк тасымалы бөлімшесі мен магистральдық желі бөлімшесіне қарасты өңірде еңбек етуші барлық құрылымдық бөлімше басшылары мен бас инженерлері, станция басшылары, қауіпсіздік жөніндегі жауапты мамандар, барлығы 130 адам қатысты.

Теориялық сабақта оқиғаны тіркеу бойынша нөлдік жарақаттану, қауіпсіздік мәдениеті, заң талаптарының реестрін жүргізу бойынша ұсынымдар, қауіптілікті бағалау және оны басқару, оқиғаның шығу тегін табу, қауіпсіздікке деген көзқарасты түсіну, жеке қауіпсіздікке кәсіптік қайшылықты жағдайды қарастыру, күнделікті қауіптер туралы хабардар болу, «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық диалогы» ұғымына не жатады, не жатпайтынын білу, бір-біріне қамқорлық жасауға және көмек қажет болған кезде дайын болатын қарым-қатынасты орнату, жеке қауіпсіздікке әсер ететін барлық әрекеттерге дайын болу сынды көптеген тақырыптар қамтылды. Сондай-ақ, жауапкершілік әр адамға қатысты екені айтылып, «біз өзімізден не күтеміз, мен басыш ретінде қауіпсіздік қағидаларын ұстанамын ба, мен қызметкерлерге үлгі көрсетуім бе, қауіпті әрекеттердің салдарынан жұмыс жасаймын ба, мен «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық диалогын» саналы түрде өткіземін

бе?» деген сауалдар төңірегінде ой-пікірлер көтеріліп, оған жауап ізделді. Бұл шын мәнінде қатысушыларға терең ой салатын, тұжырым жасайтын танымдық дәріс болды.

«КТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаменті менеджері Г.Орынованың айтуынша, бұл кестеге сай өткізіліп жатқан семинар, жылына кем дегенде 4 рет өткізіледі. Мұндағы мақсат кемшілік тауып, жазалау емес, керісінше, сол кемшіліктің алдын алу, болдырмау жағын күшіттеу, яғни қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету. «Сол мақсатта теориялық сабақта да, практикалық түрде де қауіпсіздіктің алдын алу жағына басымдық бердік. Әлемде қарапайым ғана қауіпсіздікті сақтамағандықтан жылына өндіріс орындарында 3 млн астам адам қазаға ұшырайды екен. Ал темір жол – өте қауіпті жұмыс. Сондықтан біз теміржолшыларға жұмыс орнында аса сақ болуды, үйде оларды отбасы, бала-шағасы күтіп отырғанын үнемі ескертеміз» дейді маман.

КТЖ-ның цифрландыру үдерісіне ілесіп, бұл бағытта талай жетістіктерге жетіп жатқаны белгілі. Мысалы, бүгінде мобильді қосымша енгізілуде. Семинар барысында «Қауіпсіздіктің мінез-құлықтық диалогы» мобильді қосымшасын тіркеу және пайдалану нұсқаулығы үйретіліп, оны PlayMarket, Android және QR құрылғысы арқылы жүктеу тәртібі түсіндірілді. Соңынан 2018 жылдың 4 сәуірінде Шу-Лугова учаскесінің Тәтті-Аспара аралығында Ақадыр жол дистанциясы жұмысшыларымен болған қайғылы оқиғаның бейнеролигі көрсетіліп, сол оқиға кезінде ауыр жарақат алған Ақназар Муталипов Атырауда өтіп жатқан осы семинарға арнайы келіп, қауіпсіздікті сақтаудың маңыздылығы

жөнінде әңгімелеп берді. «КТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мынбаев егер Ақназар келісін беріп жатса, даярлық курстарынан өтіп, қауіпсіздік тақырыбында дәріс оқытын ішкі жаттықтырушы болуға ұсыныс жасапты. Бұл келісімді Ақназар да қуана қабылдаған. Міне, бүгінгі семинарда кезінде өндірістік жарақат алып зардап шеккен жанның өз аузымен айтқандары көпшілікке жалаң баяндамадан гөрі әсерлі шыққанын аңғару қиын болмады.

Жалпы, екі күндік семинар мазмұнды өтті деуге болады, ол туралы қатысушылардың пікірі бірауыздан осыған саяды. «Мұндай семинар-тренингтердің өтіп тұрғандығы аса маңызды. Құрылымдық бөлімше басшылары мен бас инженерлерінің түгелдей қатысуы да олардың осындай шыннайы қауіпсіздік жөніндегі сабақтарға мұқтаждығы артып, «шөлдегенін» білдіреді. Теориялық сабақтар жанды, шынайы өтті. Ол үшін мамандарға рахмет айтамыз. Ал біз өзіміздің білімімізді толықтырып, жауапкершілігімізді арттыра түстік», – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Абай Есқалиев.

Ең бастысы, семинарға қатысушылар Компанияның өндіріс орындарында жұмыс істеп жатқан кез келген жұмысшы өміріне қауіп төнгенін сезген сәтте, қауіпті еңбекті тоқтатып, өз өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға құқылы екенін ұғынды. Енді олар өз жұмыс орындарында семинардан алған білімдерін жұмысшыларға үйретеді. Қатысушылар мамандарға мұнан басқа да көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, оларға тұшымды жауап ала білді.

Қауіпті аймақ саналатын теміржолда қауіпсіздіктен қымбат ештеңе жоқ. Бірінші кезекте – өндірісте қауіпсіздіктің сақталуы, локомотив пен вагон қауіпсіз болсын, жол қауіпсіз болсын. Онда еңбек ететін адамдар қауіпсіз ортада жұмыс істейсін. Сонда ғана біз шын мәнінде саланың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

ИТОГИ

ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ ФАКТОР БЕЗОПАСНОСТИ

В минувшую среду в филиале АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ПП» состоялось заседание Координационного совета, в ходе которого обсудили вопросы предотвращения фактов травматизма и гибели людей на объектах железнодорожного транспорта, а также подвели итоги о проделанной работе за 2019 год.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

В работе заседания Координационного совета приняли участие руководители железнодорожных организаций Акмолинского отделения магистральной сети, начальники станций, руководители предприятий, расположенных в границах Акмолинского отделения ПП.

Самое распространенное нарушение на железнодорожном транспорте среди посторонних граждан – хождение по путям в неустановленных местах, в состоянии алкогольного опьянения, несоблюдение правил безопасности при переходе через железнодорожные пути, а также суицид.

Находясь в зоне повышенной опасности, граждане с пренебрежением относятся к самым элементарным нормам поведения на объектах железнодорожного транспорта, выбегают на пути перед идущими составами, самовольно переходят пути под составом поезда, а также подымаются на крышу вагонов, – отметил заместитель ди-



ректора филиала Сансызбай Шаймерденов. За 2019 год руководством станций и локомотивных депо проведено 543 беседы в учебных заведениях по ознакомлению с правилами безопасности при нахождении вблизи железнодорожных путей с охватом 34813 учащихся. Проведено 612 бесед с жителями раздельных пунктов о правилах хождения на железнодорожных путях с охватом 10 914 человек.

Совместно с работниками линейного отдела полиции, военизированной железнодорожной охраны, с причастными службами отделения магистральной сети проведено 488 рейдов. Выявлено

66 нарушений правил перехода через железнодорожные пути, при этом 31 нарушитель оштрафован. Для эффективности проводимой работы с населением по Акмолинскому отделению ПП проводилась работа по публикации материала в средствах массовой информации.

Вместе с тем, дежурными по станции, операторами пункта технического обслуживания ранее производилось оповещение по громкоговорящей связи с интервалом 3 часа – информация об опасности перехода железнодорожных путей в неустановленных местах, о прибытии и отправлении поездов, маневровой работе. На сегодняшний день дано указание

производить оповещение через каждые 2 часа.

– Сотрудниками линейного отдела полиции на станции Кокшетау совместно с представителями транспортной прокуратуры, НДП «Нұр Отан», а также с работниками железнодорожных предприятий было проведено 17 встреч с населением, 29 выступлений в железнодорожных организациях, 70 лекций в средних учебных заведениях, 30 выступлений в СМИ, 43 в интернет-ресурсах, – отметил начальник отдела административной полиции линейного отдела полиции на станции Кокшетау майор полиции Асан Кауменов.

По итогам заседания заместитель директора филиала Сансызбай Шаймерденов озвучил ряд рекомендаций по предупреждению и недопущению травматизма с посторонними гражданами, в том числе проведение проверок состояния пешеходных мостов, настилов, их освещенность и исправность, усиленно разъяснительной работы на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности!».

Фото автора

НОВОСТИ

ЗА РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА

Глава государства Касым-Жомарт Токаев в Послании «Конструктивный обществственный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» поручил обратить особое внимание на развитие туризма, в особенности эко- и этнотуризма как на важную сферу экономики. И АО «НК «КТЖ» принимает активное участие в развитии туризма на озере Алаколь.

Железнодорожники работают над созданием условий для пассажиров, путешествующих в курортную зону на поезде.

На вокзале станции Жаланащколь в связи с увеличением вагонов в составе пассажирских поездов уже сейчас ведутся работы по подготовке инфраструктуры. Также железнодорожники работают над удлинением пассажирской платформы до 450 метров для обеспечения безопасности при организации посадки/высадки пассажиров. Кроме того, планируется строительство навесов для защиты от дождя и снега.

В целом, в летний период в курортную зону озера Алаколь осуществляется движение 5 пар пассажирских поездов.

Напомним, с целью развития туристической отрасли и курортной зоны озера АО «НК «КТЖ» в январе 2018 года завершило строительство производственного здания с пунктом обслуживания пассажиров на станции Ақши. Его общая площадь – более 264 квадратных метров. Теперь в среднем в летний период здесь проходит более 3700 пассажиров в сутки, в остальное время года – более 220.

Асель ШАЙХЫНОВА

ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ!

9 Мая Казахстан отметит 75-ю годовщину победы в Великой Отечественной войне. Мы вспомним имена героев, отцов, дедов и прадедов, отдавших свои жизни за мирное небо над нашими головами. Но далеко не каждый сегодня знает, где именно захоронены их родные, сражавшиеся за Родину.

На фронте в Казахстане мобилизовали почти четверть населения, на войну ушло 70% всего мужского населения в возрасте от 18 до 50 лет. Более полутора миллионов казахстанцев ковали победу в тылу. Около пятисот человек были удостоены высокого звания Героев Советского Союза. За годы войны Казахстан принял более миллиона эвакуированных советских граждан. Практически нет ни одной семьи в стране, которую бы не затронула Великая Отечественная.

Благодаря самоотверженной работе АО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» (Казпротранс) совместно с Международным фондом «Евразийский диалог» удалось найти список 108 казахстанских воинов, которые погибли во время Великой Отечественной войны в Ивановской области.

– Международный фонд обратился в Федерацию профсоюзов Республики Казахстан с предложением поддержать работу по увековечиванию и сохранению исторической памяти погибших при защите Отечества. Сегодня ФПРК подключается к этой акции памяти. От российских партнеров уже получен первый список с именами погибших казахстанцев. Ранее места их гибели и захоронения были неизвестны. Возможно, эти сведения помогут кому-то из казахстанцев найти своих близких, – отметил директор департамента организационной и международной работы Казахстанского отраслевого профсоюза работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта Нурлан Нурпенсов.

Полный список и сведения о 108 казахстанских солдатах, захороненных на территории Ивановской области в период Великой Отечественной войны представлен на сайте railnews.kz

Руслан РАХМЕТОВ

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

270 ТЫС.

ЗАЯВОК НА ПЕРЕВОЗКУ ГРУЗОВ В 2019 ГОДУ ПРИНЯТО СИСТЕМОЙ АСУ ДКР

ЖАҢАЛЫҚТАР

АСА ҚАУІПТІ АҚАУДЫ АНЫҚТАДЫ



Қаңтар айының соңғы күні шетпелік аға вагон қараушы Марат Берікбаев жүк вагонынан аса күрделі ақауды анықтап, апаттың алдын алды.

Теміржолдың вагон шаруашылығы саласында 12 жылдан бері еңбек ететін Марат Берікбайұлының ол күнгі кезекті жұмыс ауысымы түнгі мезгілге келді. Қостанай жақтан Ақтау портына бет алған астық тиелген жүк пойызын әдеттегідей техникалық тексеру кезінде вагонның дөңгелектерін балғасымен ұрып қарап жүріп басынан санағанда 31-ші вагонның бір дөңгелегінде ақау бар екенін анықтайды.

Дөңгелек жұбының бірінші арбашасын балғамен ұрғанда бөтен дыбыс шықты.

– Бұл ақау болу қаупі бар екенін білдіреді. Егер бәрі дұрыс болса, балғамен ұрғанда дыбыс қосарланбауы керек. Деруе оны тексеруге алғанда букстың подшипнигі сынып, орнынан 8 мм қозғалып кеткенін білдім. Бірден БУ-23 актісін толтырып, техникалық бақылау қызмет көрсету қосынының бастығына хабарластым. Әрі қарай маневрлік жұмыстар арқылы вагон пойыздан ағытылып, жөндеуге жіберілді де, пойыз қалған вагондармен өз бағытына аттандырылды, – дейді қырағы вагон қараушы.

Қырықты алқымдаған вагон қараушы осы уақыт ішінде өз ісінің білгіріне айналды. Бір ауысымда ол қарамағында 3 вагон қараушымен жұмыс істейді. Күн сайын жүк және жолаушылар пойыздарын қосқанда олар орташа есеппен 12-15 пойызды тексеріп, қауіпсіздігіне көз жеткізіп отырады.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ
Суретті түсірген автор

КӨЗДЕЛГЕН ҚАРЖЫ ТҮГЕЛ ИГЕРІЛГЕН

Соңғы екі жылды өндірістік жарақатсыз өткізген қызылордалық теміржолшылар жұмыс барысында өрт қауіпсіздігінің алдын алу, экологиялық тазалықты ұстану, техникалық қауіпсіздікті сақтау, ең бастысы еңбек қорғау қағидаларын басты назарда ұстауда.

Қызылорда ЖТ бөлімшесі өндірістік қауіпсіздік, экология қызметінің қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімінің жетекші инженері Ғабит Тлеубаевтың мәлімдеуінше, бөлімше бойынша өткен және алдыңғы жылы өндірістік жарақат алу жағдайына жол берілмеген. Өндірістік және өндірістен тыс жарақаттанудың алдын алу үшін өткен жылы 9 кешенді шара жоспарланып, ол толық орындалған.

– Бөлімше бойынша өткен жылы өндірістік жарақат алу ықтималдығының алдын алудың кешенді шараларының жоспары түзіліп, түсіндіру, үйрету, бақылау, тағысын тағы жұмыстар жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі толық сақталған, экологиялық қауіпсіздікті сақтау үшін өткен жылға жоспарланған 11 шараға қарастырылған 5189,702 мың теңге қаражат мақсатты игерілді. Биылғы жылды да өндірістік жұмыста тосын жағдайсыз өткізу үшін қауіпсіздік шараларын жүргізудеміз деді. – Қызылорда ЖТ бөлімшесі өндірістік қауіпсіздік, экология қызметінің қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімінің жетекші инженері Ғабит Тлеубаев.

Қауіптің алдын алу шараларының бірі ретінде «жолда адам» ақпараттық жүйесінде жолға еңбеккерлердің шығып қалу жағдайын болдырмау бағытында жұмыс жасалуда екен. Бұл негізінен жол бойында ағымдық жөндеу, құрылыстарға техникалық күтім жасау барысында болып қалуы ықтимал оқиғасыз, бақытсыз жағдайлардан сақтану, алдын алу шаралары саналады.

Сонымен қатар бөлімше теміржолшыларына қажетті арнайы сақтық киімдері, маусымдық киім, профилактикалық жақпа және де өзге қажетті заттар толық алынып, дер кезінде қамтылған. Өткен жылы жұмыс орны денсаулығына зиянды деп танылған теміржолшыларға қажетті мөлшерде сүт үлесірілген. Және де теміржолшылардың жұмыс орнының қауіптілігін аттестациядан өткізу барысында бөлімше бойынша 49 қауіпті орын анықталған. Мұндай жерде жұмыс жасайтын еңбеккерлер ауысым алдында арнайы пысықтау инструктажынан өткізіліп, жұмыс барысын қадағалау көзделген екен. Ондай орындар қатарында қысымды құрылыстар, түрлі ауқымдағы көтергіш крандар, бу шығаратын және су ысытатын қазандық бар. Қауіпті санатындағы жұмыс орындарының дені Қазалы вагон пайдалану депосында, Сексеуіл және Қызылорда локомотив пайдалану депосында шоғырланған. Осыған орай мұндай орындарда жұмыс жасайтын еңбеккерлердің қауіпсіздігіне көңіл бөлініп, сақтық шараларын қатаң сақтау ескерілді екен.

Өндірістік қауіпсіздік, экология қызметінің қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімінің мамандары жұмыс орындарында өрт қауіпсіздігін сақтау үшін тексеру жүргізіп, өрттің алдын алу шараларын да жасайды. Мәселен, өткен жылы өрт оқиғасына орын берілмегенмен, өрт қауіпсіздігі бұзылуының фактілері анықталған. Желтоқсан айында локомотивтерден 8 рет, стационарлы нысаннан 35 рет өрт шығу ықтималдығы анықталып, дер кезінде қауіпсіздік шаралары қолға алынып, кемшіліктер түзетіліпті. Сондай-ақ бөлімше бойынша экологиялық қауіпсіздікті сақтауға қомақты қаражат бөлініп, 11 іс-шара жоспарланып өткізілген. Нормадан артық өтем жасау мен экологиялық тұрғыдан бүлінген заттармен айналыну залалдауға жол берілмеген.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

КІРМЕ ЖОЛДАРДА КІРІС АРТТЫ

Ақтөбе ЖТ бөліміне қарасты Жем станциясында 20 қабылдап-жөнелту жолы бар. Пайдалы қазбаларға бай кен орындарының үстінде отырған станцияда жүк тиеу және жүк түсіру жұмыстары қашан да қарқынды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбенің Мұғалжар ауданы мұнай-газ өнімдерінен басқа, тау-кен пайдалы қазбаларға толы. Өндіретін алпауыт мекемелердің бұрғылау, қазба жұмыстары осы аймақтарда жүргізіледі. Тасымалдау жұмыстарының дені теміржол арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан ел экономикасына серпін беріп отырған бұл компаниялар Жем станциясымен байланысты нығайтқан.

Екінші класты Жем станциясында арнайы құрамдармен жұмыс жасайтын оннан аса жол бар. Онда ең үлкен жүк жөнелтуші және қабылдаушы болып табылатын «СНПС» Ақтөбе Мұнайгаз» мекемесіне қарасты 85 шақырым жердегі Жаңажол станциясы бар. Бұл зауыттан күніне екі рет 34 вагоннан жүк жіберіледі. Және екі рет жүк шығарылады. Екінші үлкен мекеме – станциядан 18 шақырым жерде орналасқан «КАЗГЕОРУД» ЖШС. Онда 2019 жылдың ішінде айынан бастап жаңа қатынас жолы ашылған. Осы станциядан 42 вагон сол мекемеден жүк тиеліп, шығады. Ол жүктер тікелей Кемпірсайға жіберіледі. Қазіргі уақытта станцияға негізгі табыс әкеліп тұрған мекеме болып есептеледі. Шілде айында 966 вагон, тамызда 1595 вагон, қыркүйекте 2128, қазанда 1806, қарашада 1638, желтоқсанда 2857 вагон тиелген.

«КАЗГЕОРУД» ЖШС-нен тиелетін негізгі жүк – мыс. Қосымша жолдарда орта есеппен күніне 20 вагон тиеді. Онда алтын қоспасы бар тастар Қостанай облысына жөнелтіледі. «AltunRx» компаниясы да Жем станциясымен байланыс орнатқан.

– Айналамыз пайдалы қазбаларға толы. Сондықтан жүк тиеу жұмыстарын жоспарға сай орындамасқа бізге сын болар еді. Берілген тапсырмаларды артығымен орындадық. Кірме жолдардан түскен кіріс ең үлкен

табыс көзі болып отыр. «КАЗГЕОРУД» ЖШС – болашағынан үміт күттіретін мекеме. Жүк тиеу қарқыны жоғары. Компания өз тарапынан биылғы жылы тиеу жоспарларын көбейтетінін айтты. Бұл – біз үшін қосымша табыс, – дейді Жем станциясының бастығы Қоблан Бектұрғанов.

Станцияда 70-ке жуық теміржолшы еңбек етеді. Қызметкерлердің көпшілігі, әсіресе пойыз құрастырушылардың дені – жастар. Станция арқылы күніне 20 вагон деп есептегенде бір айда 600 вагон бағалы металл өнімдері тасымалданады. Қозғалыс құрамының барлығы әскерлендірілген күзет қызметімен бақылау қамтылған.

– Жыл жаман басталған жоқ. Кірме жолдар кірісті арттырып отыр. Барлық еңбек – ұжымның ауызбіршілігінен. Жастардың істері тиянақты. Гүлшат Жармағанбетова, Мұрат Оразбаев, Әділжан Назарбаев сынды мамандар есімін айрықша атап өтер едім, – дейді станция бастығы.

Станцияға арнайы сапарымыз барысында жас мамандарды да өзге тартып, теміржолшы болғанын мақтан тұтатын жастар легінің барына көз жеткіздік.

Теміржолшылар тілінде «басмачник», яғни вагондар жылжып кетпеу үшін табандықтарына бекітпе басмач қоятын маман Ерлан Зейнеш біреуінің өзі 7 келі болатын бекітпелермен жұмыс істеу тәсілін көрсетті бізге.

«Жұмысқа қабылданған күннен бастап тәжірибелі мамандар кенестерін аяған емес.



Бекітпелермен қалай жұмыс жасау, қолдану ережелерін көрсетіп келеді. Бекітпелерді вагондарға орналастырудың да өз формуласы бар» деген ол жылжымалы құрамның ой болып тұрған жағына қарай бекітпелер көбірек қойылатынын көрсетті. 70 вагонды пойызға алдын ала есептеп, формуласын шығарып алады екен.

«Вагондардың жүк тиеуге жарамдылығын тексереміз. Олардың жағдайын тиелетін жүктерге байланысты бақылаймыз. Осыған дейінгі жүктердің қалдықтары қалмауын, таза болуы қадағаланады. Сонымен қатар тиелген вагондардың қалай тиелгенін ден мұқият қарап шығарамыз. Орта есеппен күніне 150 вагон бақыланады. Кейде одан да көп болады. Жұмысымыз өзіміз ұнайды. Уақыт босқа өтпейді, үнемі еңбек алаңында жүресің. Өзіңе артылған жауапкершілікті сезінесің», – дейді тағы бір жас маман Жәнібек Елубай.

Суретті түсірген автор

ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫН БЕКЕТ?

МҰНАЙ ТАСЫМАЛЫНА МАМАНДАНҒАН

Жетібай станциясы – қазыналы қарт түбектің басты байлығы «қара алтынды» игеруі мен оны қажет жеріне тасымалдауға үлес қосып отырған маңызды бекет. Олай дейтіміз, станцияға жеткізілетін негізгі жүк мұнай өндірісіне қажетті құрал-жабдықтар мен құрылғылар болса, станциядан артылатын жүк – шикі мұнай және оның қалдықтары.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Станцияда төрт қабылдап-жөнелту жолы бар. Бүгінде соның үшеуі жұмыс істеуде. Оның ішінде «Теңелбаев ЖК» тұйығынан шикі мұнай, мұнай өнімдері тиеледі. Ал «Маңғыстаумұнайгаз» тұйығына бұрғылау техникалары, мұнай саласына керек құрал-жабдықтар, құбырлар келеді. «Сүйеуов ЖК» тұйығына түрлі құрылыс жүктері түсіріледі және арасында Ресейге металл жөнелтіледі.

Осы атаған жүктердің есебін өткен жылы станциядан жүк тиелген вагондар саны 227-ні құраса, түсірілгені 240 вагон. Жөнелтілген вагондар саны 2018 жылмен салыстырғанда 73-ке артқан. Ал жүк түсірілген вагондар керісінше 199-ға кеміген.

– Станциямыз төртінші класты, жүк тасымалына арналған. Бұл жерге жолаушылар пойызы келіп-кетпейді. Жетібай станциясынан жүк пойыздары негізінен түнде, бір құрама Өзенге, тағы



біреуі Болашақ станциясына өтеді. Жұп күндері екі, тақ күндері екі пойыз болады. Станцияның кіреберіс бағдаршамы мен шығу бағдаршамы аралығы 1700 метр. «Жетібай» әкімшілік аумақтық жағынан Мұнайшы кентіне қарайды. Ауылда әлеуметтік нысандар, мектеп, балабақша бар. Бұл жерде бізден басқа да теміржол мекемелерінің мол шоғыры орналасқан. ШҚ, ПҚ, ЭЧ мекемелері бар. «Бәріміздің илей-

тіміміз бір терінің пұшпағы» дегендей, барлығымыз қоян-қолтық еңбектеніп, темір жол үшін тер төгіп жатқан жайымыз бар. Ұжыммыз шағын болса да, еңбек өтілі 40 жылға таяған байырғы теміржолшылар көп, алды станцияға сонау 1988 жылдары жұмысқа келіп, әлі күнге осында еңбек етіп жүргендер. Одан кейінгі буын – 2005-2010 жылдар аралығында жұмыс бастағандар. Барлығы 14 адамның үшеуі тауар қас-

сирі, екеуі жүк қабылдап тапсырушы, тағы екеуі вагон құрастырушы, бесеуі станция кезекшісі, біреуі тазалық жұмыстарын жүргізуші, – дейді Жетібай станциясының бүгінгі тыныс тіршілігінен хабар берген станция бастығы Дүйсенбай Бердімбетов.

Иә, станция бастығы айтқандай, шағын ұжымда аға буын, орта және жас буынның сабақтастық мектебі қалыптасқан екен.

– Күнделікті жұмысқа таңертеңгі сағат 7:35-те кіресіміз. Таулік бойына қандай міндет атқарылады, нендей шаруалар бар, алдымызға мақсат қойып, бәрін алдын ала жоспарлаймыз. Онан әрі қарай әркім өз тапсырмасына сай міндетті орындауға кетеді. Әр дүйсенбіде станция бастығының күні өтеді. Әр айда айлық комиссиялық бақылау болады. Жұмыс орнымыз жайлы. Фимаратымыз 2018 жылы күрделі жөндеуден өтті. Іші-сырты толық әрленіп, едендер жаңартылып, ең бастысы бұрын су өтетін шатыр жаңадан салынды. Станцияда байланыс жүйелері толық жұмыс істеп тұр. Жүріп бара жатқан пойызбен радиобайланыс, өзге станциялардың диспетчерлерімен арнайы байланыс жүйесі, пульт табло, пульт манипулятор, жұмысқа қажетті жағдайдың бәрі жасалған, – дейді мұнай тасымалына маманданған бекет бастығы Дүйсенбай Оспанұлы.

Суретті түсірген автор

ШАҒЫРДЫҢ ШАРУАСЫ ШАЙҚАЛМАЙДЫ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Шағыр станциясы Арыс–Сарыағаш учаскесінің 3248 шақырымында орналасқан. Қазіргі таңда 8 жолы және 1 кірме жолы бар 2-ші класты станцияның басты жұмысының бірі – жүк тиеу, сосын өріне транзиттік пойыздарды өткізу.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Түркістан

Өткен жылды ойдағыдай қорытындылаған станциядан жалпы саны 20521 транзитті пойыз өткізілген, ал 2018 жылы 19678 транзитті пойыз өткізіліп, 104 пайызға артығымен орындалғаны көрініп тұр.

Бұдан бөлек, Шағыр станциясында 2002 жылдан бері «КазТрансОйл» АҚ-ның шикі мұнай құю бекеті іске қосылып, жұмыс істеп келеді. Станция бастығы Бахытжан Қарынтаевтың айтуынша, шикі мұнай тиеу және тасымалдау 2019 жылға берілген жоспар бойынша 94 030 тонна болған, ол да толығымен 100 пайыз орындалған.

– Біздің станциядан мұнай тасымалдаушы «Прем-умОйлТранс» ЖШС жұмыс істеуде. «КазТрансОйл» АҚ кірме жолының эстакадаға сыйымдылығы – 40 вагон цистерна. Қазіргі уақытта тәулігіне 40 вагон



цистерна шикі мұнай артудамыз. Сондай-ақ, станция арқылы жүк тасымалдау Өзбекстанның Ахунбабаев станциясының Ферғана шикі мұнай өңдеу зауытына жөнелтіледі, – деді станция бастығы Б.Қарынтаев.

Әрине, ең басты көрсеткіш – теміржол бойындағы қозғалыс қауіпсіздігі мен адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 2019 жылы теміржол бойында адам басу және қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бұзушылықтар орын алған жоқ. Жол бойында кездейсоқ оқиғалардың алдын алу үшін жұмысшылармен ұйымдастырушылық-техникалық шаралар кешенді түрде жүргізіліп тұрады.

– Бұдан бөлек, станцияда қыс уақытында бөлімше басшылығымен бекітілген қысқы жұмыстар, қармен күрес оперативті жоспары бойынша да тиісті шаруалар атқарылып жатыр. Станцияның барлық қызметкері

мен жұмысшыларына техника қауіпсіздігі ережелері, еңбек қорғау және электр қауіпсіздігінің сақталуы бойынша жеке мақсатты нұсқамалар өткізілген, – дейді станция бастығы.

Көктемгі және күзгі байқауға тыңғылықты жұмыс жүргізіп, шаруашылықты дайындауда жоғары нәтиже көрсеткен теміржолшылар қатарында станция кезекшілері Қ.Агабеков, Н.Нұржанов, Ж.Мергенбаев, Ғ.Сатынбеков, Ғ.Қарынтаев, пойыз құрастырушылар С.Бастарбеков, Д.Қалиев, СТЦ операторы Д.Әбдікерімов, жүк қабылдап тапсырушы Ғ.Амантаев, тауар қасирі С.Қожамұрат, тағы басқалардың аты аталды. Станция бастығы осындай майталман теміржолшылар барда Шағырдың шаруасы шайқалмайды деді нық сеніммен.

Суретті түсірген автор

ИНТЕРВЬЮ

РЕЛЬСОВЫЙ КАРКАС КАЗАХСТАНА

В стремительном развитии нашей страны трудно переоценить роль магистральной железнодорожной инфраструктуры Казахстана и ее значимости как сектора экономики. Магистральная сеть соединяет между собой практически все регионы Казахстана. Кроме этого выгодное географическое положение государства обеспечивает возможность широкого участия отечественного железнодорожного транспорта в международных транзитных перевозках. В интервью нашему изданию управляющий директор по инфраструктуре – директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (ЦЖС) Бауыржан Урынбасаров рассказал, от чего зависит привлечение новых транзитных грузопотоков, как цифровизация влияет на скорость движения поездов и о многом другом.

– Бауыржан Пазылбекович, в начале 2000-х годов эксплуатационная длина железных дорог Казахстана составляла более 13,6 тысячи километров. Какова ее протяженность сегодня?

– Реализованные за последние годы инфраструктурные проекты, связанные со строительством новых линий и с повышением транзитной привлекательности, сформировали оптимальную конфигурацию железнодорожной сети.

Так, в 2012 году построена железнодорожная линия Жетыген – Корғас (293 километра), которая позволила открыть второй пункт перехода с Китаем, при этом сокращено расстояние перевозок грузов в направлении Китай – Центральная Азия и страны Персидского залива на 550 километров.

В том же году построена железнодорожная линия Узень – государственная граница с Туркменистаном (146 километров), которая создала альтернативный маршрут международному транспортному коридору «Север – Юг» с сокращением расстояния перевозок грузов на 600 километров.

С 2014 года в эксплуатации сданы еще две линии. Участок Жезказган – Бейнеу (1045 километров) обеспечил прямой выход грузов с Центрального региона и станции Достык в Западный регион Казахстана и далее в Европу с сокращением расстояния перевозок.

А линия Арқалық – Шұбарқоль (215 километров) обеспечивает кратчайшие транспортные связи крупных предприятий района тяготения – угледобывающей, горно-обогатительной промышленности и отрасли по производству цветных металлов с западными районами республики, странами Западной Европы и Россией за счет снижения пробега грузов в среднем на 540 километров.

В 2016 году построена новая линия Боржакты – Ерсай протяженностью 14 километров, которая создает благоприятные условия по увеличению грузовых перевозок в направлении Ирана, Китая, России, стран ЕС. Это служит повышению экспортного потенциала в западном направлении через порты на Каспии.

В 2017-2018 годы построены вторые пути на участке Алматы-1 – Шу протяженностью 113,7 километра, что позволило сократить время следования поездов, увеличить пропускную и провозную способность участка.

Сейчас железнодорожная инфраструктура, состоящая из хозяйственных путей, сигнализации и связи, электрооборудования, обслуживает 21 тысячу километров развращенного пути, из них электрифицированных – более 4 тысяч километров (26%). В том числе

СНГ по показателям технического оснащения. Ведь у нас разные масштабы, экономические показатели, географическое расположение и другие факторы, которые существенно влияют на наличие или отсутствие железнодорожных сетей в регионе.

Могу лишь отметить, что ведется активная интеграция Казахстана в глобальные логистические цепочки, координационная работа с железными дорогами других стран в целях привлечения новых транзитных грузопотоков на трансконтинентальные маршруты, что можно проследить в динамике роста транзитных перевозок, которые выросли за последние 6 лет на 12% – с 17 до 20 миллионов тонн в год.

Согласно данным Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК по итогам 2019 года, общий грузооборот в стране составил 609341 миллион тонно-километров, из них железнодорожным транспортом – 289174 миллиона тонно-километров, или 47,5%. Эта цифра подтверждает, что железнодорожные сети выполняют значительную роль в экономике страны.

– Расскажите о результатах прошлого года по повышению скорости контейнерных поездов.

